D. Serikbayev
EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

# Саясат

## ТДМ №9

## Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ



www.ektu.kz

# МАЗМҰНЫ


1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 3

1.1 Контекст және мақсаты 3

2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ 3

3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР 6

4 ҚОРЫТЫНДЫ 7

# 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

## 1.1 Контекст және мақсаты




**БҰҰ-ның №9 Тұрақты даму мақсаты (ТДМ 9) –** «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» орнықты және инклюзивті индустрияландыруды дамытуға, инновацияларды қолдауға және сенімді инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталған.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ (бұдан әрі – Университет) осы бағыттағы өз жауапкершілігі мен әлеуетін мойындай отырып, бұл міндеттерді жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады. Университеттің әлеуеті зертханалық инфрақұрылымды жетілдіру, индустриялық серіктестермен ынтымақтастық орнату, инновацияларды енгізу және технологияларды трансферттеу арқылы нығайтылуда.

**Осы Саясаттың мақсаты** – Университеттің ТДМ 9-ға қол жеткізудегі үлесін бекіту, қолданыстағы бастамаларды көрсету, сондай-ақ білім беру, ғылыми және тәжірибелік қызмет арқылы индустрияландыруды, инновацияларды және инфрақұрылымдық дамуды қолдаудың орнықты жүйесін қалыптастыру болып табылады.

# 2 САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Заманауи материалдық-техникалық база**

- Университетте заманауи зерттеулер жүргізуге қажетті инженерлік және ғылыми зертханалар, құзыреттілік орталықтары мен тиісті ресурстар жұмыс істейді.



*«Киберфизикалық жүйелердің телекоммуникациясы" зертханасы»* (Автоматтандыру және мехатроника саласындағы құзыреттілік және технологиялар трансферті орталығы)






*«Smart engineering» құзыреттер орталығы*





*«Лу Бань шеберханасы»*





*Прототиптеу және 3D-баспа секторының, сондай-ақ металл өңдеу және дәнекерлеу технологиялары секторының жабдықтары* («Smart engineering» құзыреттер орталығы)

## Инновациялық қызмет

∪ **«ANGAR» стартап алаңы** жас зерттеушілер мен кәсіпкерлерге арналған платформа ұсынып, инновациялық экожүйенің дамуына ықпал етеді.

∪ **«Smart Engineering»** – Университеттің инновациялық әлеуетін айқын көрсететін негізгі бастамалардың бірі.

∪ Жобаның мысалы: **AP13268737 «Беттің биосәйкестілігі жақсартылған қасиеттерімен пациентке арналған металл имплантгарды аддитивті өндіру**

**технологиясын әзірлеу»** – Университеттің тәжірибелік бағыттағы алдыңғы қатарлы зерттеулерге қатысып отырғанын дәлелдейді.

∪ Университет индустриялық-инновациялық дамудың өңірлік бағдарламаларына қатысып, өндірісті жаңғыртуға арналған ғылыми шешімдер ұсынады.





**Өнеркәсіппен ынтымақтастық**

- Университет – Шығыс Қазақстан өңіріндегі жетекші кәсіпорындардың сенімді серіктесі:: *«Казцинк»*, *Үлбі металлургиялық зауыты*, энергетикалық және құрылыс ұйымдары және т.б.
- Дуальды білім беру және өндірістік тәжірибе жүйесі енгізілген, бұл студенттерге нақты өндірістік процестермен тікелей танысуға мүмкіндік береді.








**Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ студенттері үшін практикалық базаларды қалыптастыру бойынша әлеуметтік серіктестермен, өндірістік кәсіпорындармен және ғылыми ұйымдармен жасалған келісім-шарттар мен шарттар тураль ақпарат**

| № п/п | Наименование предприятий и организаций (с кем заключен договор) |
|---|---|
| 1 | ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "КАЗЦИНК" |
| 2 | ТОО КАЗЦИНКТЕХ |
| 3 | ТОО КАЗЦИНК-ТРАНС |
| 4 | АО УЛЬБИНСКИЙ МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИЙ ЗАВОД |
| 5 | ТОО ВОСТОК-МОЛОКО |
| 6 | АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО УСТЬ-КАМЕНОГОРСКИЙ ТИТАНО-МАГНИЕВЫЙ КОМБИНАТ |
| 7 | ГКП НА ПХВ ОСКЕМЕН-ВОДОКАНАЛ |
| 8 | АО КЭМОНТ |
| 9 | ТОО АЭС СОГРИНСКАЯ ТЭЦ |
| 10 | ТОО AES УСТЬ-КАМЕНОГОРСКАЯ ТЭЦ |
| 11 | АО ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ РЕГИОНАЛЬНАЯ ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ |
| 12 | РГУ ДЕПАРТАМЕНТ ЭКОЛОГИИ ПО ВКО КОМИТЕТА ЭКОЛОГИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И КОНТРОЛЯ |

### Цифрлық инфрақұрылым

◡ ***Электрондық білім беру ресурстары***, ***қашықтықтан оқыту жүйесі***, электрондық кітапханалар мен деректер базалары дамып келеді.

◡ Университет оқу процесін және ғылыми зерттеулерді басқаруда цифрлық шешімдерді енгізуде.

◡ Заманауи мультимедиялық аудиториялар, виртуалды зертханалар және арнайы бағдарламалық кешендер жұмыс істейді.




# 3 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Университеттің халықаралық беделін арттыру – тұрақты даму рейтингтеріндегі, соның ішінде THE Impact Rankings бойынша БҰҰ-ның ТДМ 9 «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» мақсатындағы көрсеткіштерді жақсарту арқылы қамтамасыз етіледі.

9

**INDUSTRY, INNOVATION AND INFRASTRUCTURE**

SCORE
**21.1**

RANK
**801–1000** out of 1156 institutions

Details

| Metrics | Score |
|---|---|
| SDG9 research | 21.3 |
| Patents | 3.4 |
| University spin-offs | 20.2 |
| Research income from industry and commerce | 29.1 |
| | |
| | |
| **SDG score** | **21.1** |

Зерттеу және инновациялық әлеуетті нығайту, коммерцияландыруға дайын әзірлемелер ауқымын кеңейту көзделеді.

Практикаға бағытталған білім беру жүйесі индустриялық салаларда сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

Университеттің инфрақұрылымын – цифрлық және физикалық – қазірдің өзінде жұмыс істеп тұрған зертханалар, құзыреттілік орталықтары, технологияларды беру арқылы нығайту.

# 4 ҚОРЫТЫНДЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ТДМ 9 мақсаттарын жүйелі түрде іске асырып келеді. Осы Саясат Университетінің аталған бағыттағы үлесін ресми түрде бекітіп, бар ресурстар мен жобаларды айқындайды және бұл мүмкіндіктерді одан әрі тұрақты дамудың негізі ретінде пайдалануға бағытталған.